OP 1202 Оқу практикасы - 1 апта	Оқу орындарының қызметі туралы ақпарат жинайды және білім алушының кәсіби қызметін дамытады. Жаңартылған бағдарлама бойынша білім мазмұнын анықтайтын нормативтік құжаттарды талдайды. Болашақ мамандықтың практикалық негіздерін меңгеру дағдыларын қалыптастырады. Эмпирикалық материалдарды жинайды, жинақтау дағдыларын дамытады. Құрылымдау, білімді жүйелеу және оларды әртүрлі тәсілдермен таныстыру дағдыларын дамытады. Ашық сөйлеу дағдыларын дамытады, баяндаманы ұсынады.	ON 8
KSZhOM 1203 Қоғамдық сананы жаңғыртудың өзекті мәселелері	Қоғамдық сананы жаңғыртуға негізделген әлеуметтік-гуманитарлық құндылықтарды білу және өзінің кәсіби қызметінде оларға бағдарлану; Өз білімін кәсіби салада қолдана білу; Қоғамның өзекті мәселелерінің идеяларын бағалау және өз ойларын тұжырымдау және зерттеу аясында ақпаратты	ON 6 ON 7 ON 8

	интерпретациялау, талдау және жинау дағдыларын меңгеру.	
Ped 2203 Педагогика	Педагог ғалымдардың ғылыми-теориялық негіздері мен идеяларын зерттейді. Педагогикалық қызмет түрлерін жоспарлайды. Кәсіби қызметте оқыту мен тәрбиелеудің заманауи педагогикалық технологияларын қолданады. Ұжымда тәрбие процесін ұйымдастырады. Жоғары педагогикалық білім беру мәселелерін және оны одан әрі дамыту перспективаларын талдайды.	ON 3 ON 6 ON 7
IBB 2205 Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	Бұл пән барысында білім алушы кешенді педагогикалық, психологиялық әдістерді пайдалана отырып, ұжымдағы тәрбиелік жұмыстарды ұйымдастыруға бейімделеді. Мектеп ұжымындағы сынып жетекшісінің тәрбиелік жұмыстар жүйесін жоспарлай алады. Оқушылар ұжымын тәрбиелеудің түрлі формалары мен әдістерін пайдалана алады. Мұғалімдер, ата-аналар, бала тәрбиесіндегі қоғамдық ұйымдардың іс-әрекеттерін бағыттайды.	ON 6 ON 8
ВКТ 2206 Білім берудегі менеджмент	Білім берудегі менеджмент пәнін меңгеру барысында алынған теориялық білім мен практикалық дағдылар студенттерді өз бетінше және жоғары деңгейде нақты басқару міндеттерін шешу, тұтас педагогтік үдеріс субъектілерін оқу-тәрбие, оқу-танымдық және өз бетімен білім алу әрекетіндегі төмен нәтиже көрсету себептерін анықтау біліктерімен қамтамасыз етеді.	ON 5 ON 6 ON 7
TZhTA 2207 Бағалаудың өлшемдік технологиялары	Бағалау және олардың түрлері, білім беру үдерісіндегі бағалаудың орны мен рөлін анықтайды. Тұлғаға бағытталған оқытудың бағалау жүйесінің ерекшеліктерін, критериалды бағалаудың мәнін, мақсаты мен ұстанымдарын түсіндіреді. Критериалды бағалау бойынша білімді кәсіби іс-әрекетте қолдану жолдары сипаттайды. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың түрлерін (диагностикалық, қалыптастырушы, жиынтық бағалау) ажыратуды талдайды.	ON 5 ON 6 ON 7
IBB 3208 Инклюзивті білім беру	Инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базалары мен әдіснамалық негіздерін анықтайды. Мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудегі заманауи модельдер жөніндегі ұғымдар сараптайды. Мүмкіндігі шектеулі балалардың түзету-психологиялық іс-әрекетінің технологиясы мен теориялық білім негіздерін практикада қолдануға бағыттайды. Психология-медицина-педагогикалық консилиумның қызметін сыни талдайды.	ON 6 ON 7
MT 1219 Математикалық талдау	Пән студенттердің жиынтықтар, нақты және күрделі сандар, функционалдық қатарлар, функциялар және олардың графигі, бір немесе бірнеше айнымалылар функциясының дифференциалды және интегралдық есептеріндегі мәселелерді	ON 5 ON 11

	шешудегі білімі мен практикалық дағдыларын қалыптастырады.	
Pro 1210 Программалау	Программалау тілдері ұғымын қалыптастыру, тілдің алфавиті және синтаксисін меңгеріп, программалау ортасында жұмыс істей алу дағдыларын дамытады. Программалау ортасымен жұмыс істеу кезіндегі қолданылатын негізгі бұйрықтардың қызметін пайдалана білуге үйретеді.	ON 5 ON 7 ON 11
KAT 1210 Көп айнымалылар теориясы	Көп айнымалылар теориясындағы функциялардың ұғымы, үзіліссіздігі, дифференциалы, интегралы, олардың қолданылысы түсіндіріледі. Функция дифференциалын табу алгоритмдерін құруды түсінідіріп, сипаттайды. Есептерді шешу мәселелерін таба білуге ынталандырып, оны зерттеп, жеке ойлау тұрғысында шешуге дағдыландырады. Еселік интегралдың мазмұнын жан-жақты ашып, оны есептер шығаруда тиімді қолдану алгоритмін құрады.	ON 7 ON 10
OBP 1214 Объектіге бағытталған программалау	Жоғары деңгейлі программа құрастыру технологиялардың негізгі түсініктері, анықтамалар және әдістері туралы білім алу. Программаны жобалаудың негізгі ережелері. Жобалық шешімдердің орындалу нормасы. Программаны жобалауға техникалық тапсырма.	ON 10 ON 11
C++ N 2215 C++ негіздері	Студенттерді C++ тілінде программа құру және оны түзетудің техникалық тәсілдеріне баулу; оқу процесінде компьютерлік технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде сонымен бірге кәсіптік қызметтерге пайдалану дағдыларын қалыптастыру. Қойылған есепті шешу жолын дұрыс таңдай білуге, сол әдіс бойынша тиімді алгоритм құра білуге, есептеу жұмыстарында ағымдық нәтижені оңды бағалай біледі.	ON 5 ON 10 ON 11 ON 12
MB 4217 Математикалық бағдарламалау	Программалау тілінің негізгі операторларын қолдана отырып, күрделі математикалық есептердің программасын құру дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру, программалау технологиясының құрылымдық, модульдік, объектілі-бағдарлы түрлерінің ерекшеліктерін білуге үйрету. Бағдарлама құру методологиясы, қолданылатын жобалау және бағдарламалау технологиясы туралы түсінік қалыптастыру және машықтандыру.	ON 5 ON 11
Fiz 1218 Физика	Пән әлемнің заманауи физикалық бейнесі және ғылыми дүниетаным туралы түсінікті қалыптастырады, іргелі заңдарды, физикалық зерттеулер әдістерін қолдану білімдері мен дағдыларын қалыптастырады; классикалық және қазіргі физиканың негізгі ұғымдарының, заңдылықтарының, теорияларының ішкі	ON 9 ON 10 ON 11

	байланысы мен тұтастығындағы мәнін ашады.	
YaRF 1218 Ядролық реакциялар физикасы	Ядролық реакциялар физикасы ғылымның көптеген заманауи бағыттарының негізі болып табылады. Студент үшін осы пәнді оқу қажеттілігі оның шағын әлемде болып жатқан процестерді түсініп, олардың макрокосмосқа қалай әсер ететінін көре алатындығынан туындайды. Осы пәнді оқу нәтижесінде алған білім «Кванттық механика», «Материяның электронды теориясы» сияқты курстарды оқып үйренуге негіз болады.	
FAK 1218 Физикадан арнайы курс	Курс мақсаты болып кез келген өлшеулер үргізу кезінде орындалуы тиіс ережелер мен міндеттер жүйесін болашақ физика пәні мұғалімдеріне үйрету.	
SA 1219 Сандық әдістер	Пән математиканың классикалық әдістерін, сәйкес математикалық есептерді шығаруды, оларды жуықтап шешудің сандық алгоритмдері және қателіктердің нәтижелерін бағалау туралы білімдерін; мәліметтерді өңдеу үшін MS Excel немесе Паскаль бағдарламалау жүйесінің құралдарын пайдалану мүмкіндігін; сәйкес кәсіби саладағы мәселелерді шешу үшін математикалық білімді мағыналы түсіндіру және бейімдеу дағдыларын қалыптастырады.	ON 10 ON 11 ON 12
ZhShA 1219 Жуықтап шешу әдістері	Қолданбалы есептерді шешудің жуықтау әдістері, математикалық модельдеу әдістері, кәте көздері және нәтиже дәлдігінің әдістері жайындағы түсінікті студенттерге жүйелендірілген түрде қалыптастыру. Сондай ақ таным үрдісінде пайда болатын математикалық есептерді ЭЕМ-ның көмегімен шешудің есептеу алгоритмдерін құрып, қолдана білуге дайындау.	ON 10 ON 11 ON 12
EGN 1219 Евклид геометриясының негіздері	Векторлық шамаларды есептеу нәтижесін білуге және де Лаплас операторын есептей алады.	ON 10 ON 11
MT 2220 Мультимедиялық технологиялар	Мультимедиялық интерактивті технологиялары. Қозғалыссыз бейнелер, Видеобейнелер, Анимациялар, Гипертекстік технологиялар бойынша білімін қалыптастырады.	ON 2 ON 3
KT 2220 Компьютер теориясы	Компьютерлік графика негіздерімен таныстыру, графикалық программалар көмегімен графикалық ақпараттарды өңдеу және шығару. Растрлы және векторлы бейнелер. Түстердің фонымен бейне түстерін талдау, бояу пішіні. Бейненің негізгі параметрлерін өзгерту.	ON 2 ON 3 ON 5
GK 2220 Графикалық құралдар	Графикалық құралдар программалық-аппаратты есептеу комплекстері көмегімен бейнелерді құру және өңдеу негізгі әдістерін зерттейтін пән. Растрлік	ON 10

	,Векторлық, фрактальді графиканың базалық элементтері ретінде математикалық формула алынатын графиканың саласын, AutoCad сызба-графикалық жұмыстарды автоматтандыратын жүйелерін меңгертеді.	ON 11
МКАZh 3222 Мәліметтер қоры және ақпараттық жүйелер	Ақпараттық технологиялардың инструментальды негіздерін және ақпаратты енгізудің автоматтандырылған жолдарын білу.	ON 2 ON 12
ВКЕZh3222 Білімдер қорлары және эксперттік жүйелер	Қазіргі заманғы мәліметтер қорының теориялық негіздерін, мәліметтер қорын жасау және олармен жұмыс істеу принциптерін үйрету. Студенттерді әртүрлі ақпараттық жүйелерде мәліметтер қорымен жұмыс істеуге қажетті біліммен қаруландырып, дағдыларын қалыптастыру.	ON 6 ON 9 ON 11 ON 12
AZhK 3222 Ақпараттық жүйелер құру	Пәнді игеру барысында логикалық программалау тілдері негіздері жалп қарастырылып Пролог, Turbo және Visual Пролог тілдерін әртүрлі салалардағы жобалау, жоспарлау, болжау, шешім қабылдауға қолдау көрсету есептерін шешуде қолдану қарастырылады.	ON 10 ON 11 ON 12
ЕЕМР 3223 Электронды есептеуіш машинадағы практикум	Есептеуіш техника құралдарының құрылу принциптері және әртүрлі ЭЕМ кластарының негізгі ерекшеліктерін анықтайды. Дербес компьютерді қолдану және есептерді шешу үшін микропроцессор жүйесі мүмкіндіктерінен сипаттайды. Дербес компьютердің техникалық және бағдарламалық құжаттарын есептер шығаруда қолдануын сыни талдайды.	ON 10 ON 11 ON 12
AM 3223 Ақпараттық модельдеу	Қазіргі заманғы программалау жүйелерін оның компоненттерін бағдарламалау жүйелерін ақпараттық қамтамасыз етілуін бағдарламалау парадигмаларын және негізгі бағдарламалау негіздерін, құрылымдық, функционалдық логикалық бағдарламалау туралы түсініктер.	
UZhM 3220 Уақыт жүйелерінің модификациясы	Нақты уақыт жүйелерімен жұмыс істеу үшін студент осы пәнді оқу нәтижесінде жүйедегі түйіндердің коммуникациялау ерекшеліктерін, өндірістік жүйенің таралған сипаттамасын, нақты уақыт операциялық жүйелердің кең тараған түрлерін, заманауи өндірістік нақты уақыт жүйелердің сипаттамаларын біледі.	ON 10 ON 11
SN 3221 Схемотехника негіздері	Ақпараттық үрдіс құрылымын, ақпараттық үрдістерді ұйымдастырудың негіздерін білуге ұмтылады. Ақпараттық үрдістер мен объектілерді формальді түрде сипаттау әдістерін қолдана алуға мүмкіндік алады.	ON 11 ON 12



OZ 3221 Операцияны зерттеу	Операцияны зерттеу пәнінің негізгі ұғымдары, міндеті, түрлері. Мазмұны, қажеттілігі, қызметтері, құрылымын ұғындыру.	
AzhP 3221 Ақпараттық жүйені проектилеу	Ақпараттық жүйелерді АЖ жобалау технологиясының негізгі ұғымдары. АЖ бағдарламалық қамтамасыз етудің өмірлік циклі. АЖ құруын ұйымдастыру АЖ-ны іске асыру функционалды аймағын зерттеу және модельдеу.	ON 10 ON 11 ON 12
ITN 1211 Информатиканың теориялық негіздері	Информатиканың теориялық тараулары туралы түсінікті қалыптастырады. Ақпараттар теориясы, цифрлы автоматтар, ақпараттық процестер, ақпаратты беру формалары, кодтау, ақпаратты өлшеу, санау жүйесі сияқты фундаментальды ұғымдарын түсіндіреді. Алгоритмдердің күрделілігі және тиімділігін бағалау әдістерін қолданады. Ақпаратты байланыс каналдары арқылы жөнелту, ақпараттық процесс ұғымы және оны жүзеге асыру мүмкіндіктері, формальды ережелер негізінде ақпаратты түрлендіруді меңгереді.	ON 2 ON 3 ON 9
AT 4226 Алгоритмдер теориясы	Алгоритмдер теориясын қолдана отырып алгоритмдерді құруды, құрастыру негізінде теориялық ұғымдарды меңгертеді. Алгоритмнің негізгі кластарын, оларда қолданылатын деректер структурасын, сол негізде шығарылатын есептердің схемасы туралы ұғымдарды сипаттайды. Алгоритмнің, программаның күрделілігін анализдеу әдістерін, әдістемелерін тәжірибеде қолдануды жобалайды.	ON 2 ON 5 ON 10 ON 11
KN 3222 Криптография негіздері	Криптографиялық модельдеудің негізгі ұғымдарын сипаттайды. Жабық кілті бар шифрлаудың қарапайым әдістерін талқылайды. Деректерді криптографиялық түрлендіруді жүзеге асырады. Криптографиялық хеш-функциялармен жұмыс жасайды. Ашық кілті бар криптографиялық алгоритмдер және оларды пайдалану жолдарын тексереді. Шифрлау, бөгеуілге тұрақты кодтау және ақпаратты сығуды тұжырымдайды.	ON 5 ON 11 ON 12
PK 4226 Программалауға кіріспе	Программа құрастыру технологиялардың негізгі түсініктері, анықтамалар және әдістері туралы білім алады.	ON 2 ON 7 ON 9
KP 4226 Қолданбалы программалау	Қолданбалы бағдарлама құрастыру технологиялардың негізгі түсініктері, анықтамалар және әдістері туралы білім алу.	ON 5 ON 12

<p>Ip 4223 Интернетте программалау</p>	<p>Интернетте программалаудың негізгі міндеттері мен мәселелерін, тәсілдерін, архитектурасы және жұмысын талдайды. Интернетте программалаудың құрылу негіздерін, жұмыс істеу принциптерін айқындайды. Интернетте программалау және Web-беттерді жобалайды. Безендіру тәсілдерін, web-әзірлемелердің клиенттік, серверлік, динамикалық технологияларының тәсілдерін қолданады. Заманауи құралдарды қолдана отырып WEB қосымшаларын құру әдістерін қалыптастырады. HTML, CSS, Javascript мәтіндерін белгілеу тілдерін сыни талдайды.</p>	<p>ON 2 ON 5 ON 9</p>
<p>Ozh 4227 Операциялық жүйе</p>	<p>Пән компьютерлердің, жүйелер мен желілердің жүйелік бағдарламалық қамтамасыздандыру құралдарын құру және жұмыс істеу принциптерін, ОЖ мақсаты мен функциялары және олардың жұмыс істеу тұжырымдамасы туралы білімді; әртүрлі операциялық жүйе басқаруымен жұмыс істейтін компьютерде жұмыс жасау дағдыларын, операциялық жүйе ішкі жүйелерін бағдарламалық басқару әдістерін қалыптастырады</p>	<p>ON 10 ON 11 ON 12</p>
<p>OzhKN 4227 Операциялық жүйелер құру негіздері</p>	<p>Операциялық жүйелердің функциялары мен ұғымы туралы түсінік алу. Операциялық жүйенің ядросының қызметін талдау. Операциялық жүйенің эволюциясы және негізгі идеяларды іске асыру</p>	<p>ON 2 ON 7 ON 9</p>
<p>NUOZh 4227 Нақты уақыттың операциялық жүйесі</p>	<p>Нақты уақыттың операциялық жүйесі компоненттерін, операциялық жүйе ядросы түрлерін, MS DOS, UNIX, Windows операциялық жүйелерін, Операциялық жүйелердің функциялары және қызметтерін зерттейтін пән.</p>	<p>ON 10 ON 11 ON 12</p>
<p>AG 4228 Алгебра және геометрия</p>	<p>Бұл курсты оқыту барысында матрицалар , анықтауыштар, сызықты теңдеулер жүйесін шешу, вектор, түзу теңдеулері, жазықтық, 2-ші ретті қисықтар сызықты объектілермен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.</p>	<p>ON 5 ON 10</p>
<p>Geo 4228 Геометрия</p>	<p>Пән бойынша берілетін тапсырмаларды толық меңгеру. Берілген курс болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби дайындығын қалыптастырады.</p>	<p>ON 5 ON 10</p>
<p>Ste 4228 Стереометрия</p>	<p>Кеңістіктегі фигураларды зерттеу және есептеу дағдыларына үйретеді. Білім алушы осы пәнді игеру нәтижесінде алған білімнің сапасы жоғары оқу орындарына қойылатын талаптарына сай қалыптасады. Студент алған нәтижесінде пәнді игеріп осы білім негізінде пән ауқымында іскерлік дағдыларын толық игеріп, біліктілігін арттыра береді. Пәнді игеру арқылы қалыптасқан біліктілік пен дағдылар студентке жүйелі білім қалыптастырып, іскерлікке бейімдейтін кешенді білім-білік қалыптастырады.</p>	<p>ON 3 ON 4 ON 10</p>

IOA 3301 Информатиканы оқыту әдістемесі	Информатиканың шығу тарихы. Ақпарат және ақпараттық технология. ЭЕМ ның даму тарихы. Студенттерді әртүрлі ақпараттық жүйелерде мәліметтер қорымен жұмыс істеуге қажетті біліммен қаруландырып, дағдыларын қалыптастыру.	ON 2 ON 5 ON 6
ММК 3302 Мектептегі математика курсы	Мектеп математика курсындағы математиканың оқытудың әдістемесінің ерекшеліктерін ескеріп, трансценденттік теңдеулердің шешуді және элементар және кері функциялар графиктерін практикада жүзеге асыруға үйренеді.	ON 2 ON 5 ON 6
PP(F) 1(2,3)03 Педагогикалық практика (үзіліссіз) - 8 апта	Педагогикалық практика студенттерді математика пәні мұғалімі мен сынып жетекшісі қызметтерін толық атқаруға және оқушылармен жүргізілетін оқу-тәрбие жүйесін меңгеруге даярлау болып табылады.	ON 2 ON 6
O(P)/DP 4304 Өндірістік (педагогикалық) / дипломалды практика - 8 апта	Дипломалды практика кезеңінде келесі міндеттер шешіледі: дипломдық жұмысты орындау үшін жеткілікті нақты материалды жинау, оның ерекшелігі мен тақырыбын ескере отырып; практикаға белгілі бір жеке тапсырмамен теориялық және практикалық зерттеу жұмыстарын орындайды, алынған зерттеу жұмысының дағдыларын дамыту және дипломдық жұмыста әзірленетін нақты мәселелерді зерттеу әдістемесін меңгертеді.	ON 5 ON 6
Жасанды интеллект негіздері	Білім қоры және сараптаушы жүйелер курсы қазіргі қоғам талабына сай жаңа ақпараттық жүйелер мен технологияларды қолданып сараптаушы жүйелерді әртүрлі салаларға арнап құру мен қолдану және жасанды интеллект жүйелерін программалау мәселелерін шешуде теориялық және практикалық білім жинақтап, машықтандыруды мақсат етеді. Логикалық программалау түсініктерін, Турбо Пролог тілін жетік меңгереді. Білімді ақпараттандырудың техникалық құралдарын, оқыту әрекетінің ақпараттандыру әдістерін біліп, Телекоммуникация. Телеконференция жүйелерін жетік меңгереді.	ON 5 ON 7 ON 10
Сараптау жүйесі және интеллектуалды жүйе	Сараптау жүйесі және интеллектуалды жүйе . Нақты емес логика және оның жасанды интеллект жүйелерінде қолданылу жолдарын меңгереді.	ON 9 ON 10 ON 11
Сараптау жүйесі	Сараптау жүйесі пәні: нақты емес логика және оның жасанды интеллект жүйелерінде қолданылуы. Нақты емес жиындар және лингвистикалық айнымалылар. Нейрон желілерінде негізделген, жасанды интеллект жүйелері. Нейрон желілері арқылы бейнелерді айыру. Генетикалық алгоритмдер.	ON 9 ON 10 ON 11
Компьютерлік желілер	Желі жұмысын басқарудағы программалар, желіде программалар құру, дайын пакеттер, олардың мақсаттары және мүмкіндіктерін білу керек. Желінің	ON 2 ON 8

	құрылуының негізгі ұғымдары, принциптері, желіні қажеттілігі, блок-схемасы, желі жұмысының ұйымдастырылуын меңгереді.	ON 9 ON 10
Корпоративті желі технологиясы	Желілік технологиялар теориясы. Жаңа ақпараттық желілік технологиялардың түрлерімен танысу. Технологияларды қолдануды меңгеру. Компьютерлі желі құрудың принциптері. «Терминал-хост» жүйесі. Компьютерлік желінің жалпы құрылымымен танысу.	ON 2 ON 5 ON 10
Нейронды желі	Нейрондық желі моделі мен архитектурасын жете меңгеру. Желіні құру, инициализациялау және модельдеу. Желіні инициализациялауды, желіні моделдеуді үйрену. Оқыту әдістеріне сипаттамасын жасау.	ON 5 ON 7 ON 10
Компьютер архитектурасы	Қазіргі заманғы оқушылардың информатика сабағын әр түрлі бағдарламалармен меңгертуі, логикалық есептерді меңгеруі керек	ON 2 ON 6 ON 9
Электронды үкімет	Электрондық үкіметтің туындауы ақпараттық қоғамның қажеттілігі. Қазақстандық электрондық үкіметі қалыптастыру мен дамыту ісі. Әлемде электрондық үкімет арқылы мемлекеттік қызмет көрсетудің озық үлгілері.	ON 9 ON 10
Оңтайландыру әдістері	Модельдеу әдісінің пайда болуы техникалық жүйелердің күрделілігіне, материалдық процестер мен құбылыстарды зерттеу қажеттілігіне орай туындайтын ой-түрткілерге, себептерге, тағы басқа байланысты.	ON 10 ON 11
Білім берудегі ақпараттық коммуникациялық технология	Дербес компьютерлердің заманауи талапқа сай қолдану талаптарын білу керек. Жаңа технологияның қарқынды дамуына байланысты, қолданысқа енгізіліп жатқан бағдарламаларды компьютерге жабдықтау жолдарын жетік меңгереді.	ON 2 ON 3 ON 5
ВМА 4308 Басқару модельдері мен әдістері	Модельдер және басқару мақсаты. Басқарудың фундаментальді принциптері. Оптималды және адаптивті басқару модельдері.	ON 5 ON 8 ON 10
Тұрақтылық теориясы	Тұрақтылық туралы негізгі түсініктерді меңгеру. Ақпараттық жүйе эффективтілігі және тұрақтылығы туралы ұғымдарды басшылыққа алуға үйрету.	ON 9 ON 10 ON 11

### 1.Траектория: «Информатика және бағдарламалау»

МІК 3309 Мектептегі информатика курсы	Мектептегі информатика бөлімдерінің құрылымы мен мазмұнын, информатикалық пропедевтикалық, базалық және профильдік білімі болуы керек. Өз пікірінше толық әрі тұтас білім болуы керек. Теориялық білімдерін кәсіби қызметінде қолдана алу дағдысының болуы керек.	ON 2 ON 3 ON 5
KSAZh 3309 Компьютерлік сыныптағы әдістемелік жұмыстар	Компьютер. ДЭЕМ туралы мағлұмат. Компьютер құрылымы. Сыртқы жад. Интерфейс. Микропроцессордың архитектурасын меңгереді.	
PI 3309 Педагогикалық информатика	Информатикаландыру негіздері, педагогикалық информатика пәнін түсіндіреді. Педагогикалық информатикаға тән заңдылықтарды сипаттайды. Информатика және білім беру, оқыту мен ақпараттық технологияны қолдану әдістерін анықтайды. Білім беруді информатикаландыру педагог кадрлар даярлау мен ғылыми зерттеулерін саралайды.	ON 6 ON 7 ON 8
ВВАКТ 3310 Дифференциалдық теңдеулер	Екінші ретті дифференциалдық дербес туындыдағы теңдеулер мен жоғары ретті дифференциалдық теңдеулерді шешуді үйрену. Екінші ретті дифференциалдық дербес туындыдағы теңдеулер. Жоғары ретті дифференциалдық теңдеулер. Дифференциалдық теңдеулердің жүйелері. Квадратураларда шешілетін теңдеулердің түрлері. Коэффициенттері тұрақты сызықтық дифференциал теңдеулер. Тұрақтыларды вариациялау әдісі. Эйлер теңдеуі. Түйіндес теңдеу.	ON 2 ON 5 ON 7 ON 10
ZhDT 3310 Жай дифференциалдық теңдеулер	Бірінші ретті дифференциалдық теңдеулер. Интегралдаудың элементарлық әдістері. Сызықтық теңдеулер. Бернулли және Риккати теңдеулері. Клеро теңдеуі. Ерекше шешімдері. Лагранж теңдеулері. Сызықты дифференциалдық теңдеулер. Екінші ретті сызықты теңдеулер.	ON 2 ON 5 ON 7 ON 10
ZhDTZh3310 Дифференциалдық теңдеулер жүйесі	Дифференциалдық теңдеулердің жүйелері. Квадратураларда шешілетін теңдеулердің түрлері. Коэффициенттері тұрақты сызықтық дифференциал теңдеулер. Тұрақтыларды вариациялау әдісі.	
IOOM 4311 Информатиканы оқытудың өзекті мәселелері	Мақсаты болашақ мектеп мұғалімдері информатикадан курстар бойынша алған білімдерін жалпылап, мектеп информатикасы қазіргі замандағы концепциялары, фәлсафалық мәселелері жөнінде мағлұмат беру; білім, білік және дағдыларына қойылатын талаптарды білу.	ON 2 ON 3 ON 5
MOOM 4311 Математиканы оқытудың өзекті мәселелері	Жоғарғы деңгейдегі программалау тілдері. Тілдердің құрылысы және грамматикасы. Трансляция формуласы. Компилятор, интрепретатор.	ON 2 ON 5 ON 7 ON 10

IOAOP 4311 Информатиканы оқыту әдістемесінің өзекті проблемалары	Информатиканы оқытудағы дидактикалық принциптер: ғылымилық, бірізділік, қайталау, шама лайықтылық, оқушылардың қажеттілігі.	ON 2 ON 3 ON 5
---	---	----------------------

## 2.Траектория: «Қолданбалы математика және ЭЕМ»

RTN 3312 Робототехника негіздері	Оқу мақсаттарын дербес қоюға, пайдалы дағдылар мен ғылыми-техникалық бағыттағы креативті шығармашылық ойлауды, сонымен қатар стандартты емес шешімдерді табу үшін ынталандыру және мотивациялық потенциалды жеке тұлғаны қалыптастырады. Негізгі мақсат - студенттердің күзиреттіліктерін қалыптастырады.	ON 2 ON 5
MKKN 3312 Мобильді қосымшаларды құрастыру негіздері	Конструкторда ыңғайлы мобильдік қосымшасының интерфейсін құрады. Шарттары мен циклдері бар кодблоктарын қолданып, мобильді қосымшаны әзірлейді. Әзірленген мобильді қосымшаны орнату жолын түсіндіреді.	ON 6 ON 9
IZhN 3312 Интеллектуалды жүйелердің негіздері	Дәстүрлі шығармашылық нақты бір пәндік аймаққа жататын, жадыда сақталған есептерді шешуге көмектесетін техникалық және программалық жүйе. Әдіс-тәсілдердің әзірленуі, қабылдануымен, компьютерге арналған логикалық және математикалық мәселелерді шешуге көмектесетін программалармен жұмыс жасайды.	ON 6 ON 9
PytBT 3313 Python бағдарламалау тілі	Сандар, мәтіндер мен олардың жинақтарын өңдеу және сақтау әдістерін үйренеді, стандартты Python кітапханаларын меңгереді және деректерді жинауға және өңдеуге арналған тапсырмаларды автоматтандыруға қабілетті болады.	ON 5 ON 4
PKOEShA 3313 Программалау көмегімен олимпиадалық есептерді шешу әдістері	Есептеу алгоритмдерінің негізінде автоматты бағдарламалау негіздері, TurboPascal, C,, C#, Delphi орталарында бағдарламалау терең зерттеледі. Тақырып олимпиадалық мәселелерді шешуге бағытталған. Курс олимпиадалық есептердің жіктелуін және оларды талдау әдістемесін, Turbo Pascal, C,, C#, Delphi бағдарламалау тілдерін, есептерді шешу әдістерін, графикалық мүмкіндіктерді және модельдерді құруды қамтиды.	ON 2 ON 3
PEShP 3313 Программалау есептерін шығару практикумы	Меншіктеу, енгізу, шығару операторының жазылуын есеп шығаруда пайдалану. Есте сақтау, ойлау, шығармашылық қабілетін дамытады. Операторлардың атауын сауатты жазуға, бағдарламаны құруда дұрыс пайдалануға тәрбиелейді. Күтілетін нәтиже: Сызықтық алгоритмдерді программалау бойынша есептер	ON 6 ON 9

	шығарып үйретеді.	
IT 4314 STEM технологиясы	Студенттерге білім беру робототехникасының әртүрлі бағыттарын және STEAM меңгеруге, сонымен қатар күрделі тәжірибелік тапсырмаларды шешуге мүмкіндік беретін ашық және тұжырымдамалық жиектемені әзірлейді. Білу және істей алу қабілеттерін өнертапқыш шешімдер, зерттеушілік қызметтер және тәжірибелік форматтарда көрсетеді.	ON 7 ON 9
КЕМ 4314 Қолданбалы есептерді модельдеу	Оқыту жүйесінде компьютерлік жүйелерді қолданудың өте маңыздылығы қарастырылатын есептердің шешімдерін визуалдау, яғни символды түрде алу, графигін сызып көрсету, анимациялық графиктерді салу туралы түсінікті қалыптастырады және машықтандырады.	ON 8 ON 4
ЕРК 4314 Есептеу процестері мен құрылымдар теориясы	Блок-схема көмегімен құрылымдық алгоритмдерді графикалық түрде сипаттауды үйрену және циклдік есептеу процестерді қолдану тәжірибелік қағдыларын алады.	ON 8 ON 4

Оқу үдерісін ұйымдастыру кестесі

Семестр		1 семестр	2 семестр	3 семестр	4 семестр	5 семестр	6 семестр	7 семестр	8 семестр	9 семестр	Барлығы
Теориялық оқыту		30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	20 кр	20 кр	20 кр	240 кр
		15 апта	15 апта	15 апта	15 апта	15 апта	15 апта	10 апта	10 апта	10 апта	120 апта
Сессия		3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	3 апта	2 апта		23 апта
Кәсіби практика	Оқу		/1 кр								1 кр
	Педагог (үздіксіз)				/ 2 кр	/ 3 кр	/ 3 кр				8 кр
	Өндірістік (педагогикалық)/ дипломалды									8 кр	8 кр
	Жалпы		/ 1 апта		/ 2 апта	/ 3 апта	/ 3 апта			8 апта	8 апта / 9 апта
Қорытынды аттестация										12	12 кр
										5 апта	5 апта
Демалыс		4 апта	12 апта	4 апта	12 апта	4 апта	12 апта	1 апта	1 апта		50 апта
Семестр		30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	30 кр	20 кр	20 кр	20 кр	240 кр
		22 апта	30 апта	22 апта	30 апта	22 апта	30 апта	13 апта	13 апта	26	208 апта
Оқу жылы		60 кр		60 кр		60 кр		60 кр			240 кр
		52 апта		52 апта		52 апта		52 апта			208 апта



## Технологиялық карта

№	Құзыреттер	Оқыту формалары	Оқытушы әрекеті (әдісі)	Білім алушы әрекеті (әдісі)	Бақылау формалары	Меңгеру нәтижесі
1	КҚ 1; КҚ 2; КҚ 3; КҚ 4; КҚ 5; КҚ 6; КҚ 7; КҚ 8;	1. Лекция. 2. Семинар. 3. Курстық жұмыс бойынша семинар. 4. Практикалық курс бойынша семинар. 5. Практикалық жұмыстар. 6. Оқытушы басшылығымен жұмыс. 7. Өзіндік жұмыс. 8. Өндірістік практика. 9. Тәжірибелік зерттеулер. 10. Жоба бойынша жұмыстар.	1. Кеңес беру. 2. Практикалық сабақтар. 3. Мастер класс. 4. Өндірістік жұмыстар.	1. IT әдісі; кітапханадан, Интернет желісіндегі материалдарды іздеу. 2. Әдебиеттерді шолу. 3. Кәсіби дағдыларға жаттығу. 4. Қажетті зерттеулер жүргізу және эссе, т.б. жазу.	1. Тест (психологиялық тест). 2. Емтихан. 3. Презентация. 4. Талдау (мәтінді және басқа да мәліметтерді). 5. Эссе. 6. Практика тапсырмалар 7. Жұмыс нәтижелерін қорғау.	<b>Білім:</b> - білу; - түсіну; - қолдану; - талдау; - бағалау; - жинақтау.

**Оқыту нәтижелерін бағалау  
Оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері**

Деңгейлер	Критерийлер				
	90-100 (A; A-)	70-89 (B+; B; B-;C+)	50-69 (C;C-; D+; D-)	FX(25-49)	F (0-24)
<b>Білу</b>	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын есте сақтағанын және оны қайта айтып беретінін көрсетеді.	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын есте сақтағанын толықтай көрсете алмайды.	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын шектеулі есте сақтағанын көрсетеді.	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын өте аз мөлшерде есте сақтағанын көрсетеді.	білім алушы меңгерілген оқу материалдарын мүлде есте сақтамағанын көрсетеді.
<b>Түсіну</b>	білім алушы оқу материалдарын толық түсінгендігін көрсетеді.	білім алушы оқу материалдарын аз мөлшерде түсінгендігін көрсетеді.	білім алушы оқу материалдарын шектеулі/жартылай түсінгендігі туралы мағлұмат береді.	білім алушы оқу материалдарын толықтай түсінбегендігі туралы мағлұмат береді.	білім алушы оқу материалдарын мүлде түсінбегендігі туралы мағлұмат береді.
<b>Қолдану</b>	оқу материалын түсінумен оны жаңа жағдаяттарда пайдалануды толық көрсетеді.	оқу материалын түсінумен жаңа жағдаяттарда оны толық пайдалана алмайтынын көрсетеді.	оқу материалын түсінумен шектеулі/шала түсінумен жаңа жағдаяттарда оны толық пайдалана алмайтынын көрсетеді.	оқу материалын түсінумен шектеулі түсінумен оны жаңа жағдаяттарда толықтай пайдалана алмайтынын көрсетеді.	оқу материалын оны жаңа жағдаяттарда мүлдем пайдалана алмайтынын көрсетеді.
<b>Талдау</b>	оқу материалын/тапсырманы талдауды толық көрсете алады (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.)	оқу материалын/тапсырманы аз ғана қателіктермен талдай алатынын көрсетеді (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.)	оқу материалын/тапсырманы шектеулі/жартылай талдай алатынын көрсетеді (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.)	оқу материалын/тапсырманы толықтай талдай алмайтынын көрсетеді (негізгі идеяларды, астарлы мағынаны ажыратады, жүйе құраушыны талдайды, т.с.с.)	оқу материалын/тапсырманы мүлдем талдай алмайтынын көрсетеді.
<b>Бағалау</b>	оқу материалын/тапсырманы берілген	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге қатысты,	оқу материалын/тапсырманы берілген критерийлерге	оқу материалын/тапсырманы берілген

	критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан толықтай бағалауды көрсетеді.	қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан аз ғана қателіктермен бағалай алатынын көрсетеді.	өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан шектеулі/жартылай бағалай алатынын көрсетеді.	қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан толықтай бағалай алмайтынын көрсетеді.	критерийлерге қатысты, өзінің жеке критерийлері т.б. жағынан мүлдем бағалай алмайтынын көрсетеді.
<b>Құрастыру</b>	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) құрастыруды толық көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) аз ғана қателіктермен құрастыра алатынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) шектеулі/жартылай құрастыратынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын (жаңа мазмұн, модель, құрылым, т.с.с.) толықтай құрастыра алмайтынын көрсетеді.	оқу материалын/тапсырманы орындауда шешу жоспарын мүлдем құрастыра алмайтынын көрсетеді.

## Оқыту нәтижелерін бағалаудың жалпы ережелері

1. Әр пәнді (модульді) оқыту барысында меңгерілуі тиіс құзыреттерге қатысты соңғы нәтижелері пән оқытушысы тарапынан семестр бойы жүйелі түрде бақыланып, бағаланып отырады. Ол үшін кафедра меңгерушісі, пән координаторы/оқытушысы тараптарынан алдын-ала келесі шаралар жүзеге асырылады:

1.1 Пәннің мақсаты мен міндеттеріне оқыту формаларына, оқытудың соңғы нәтижелері және меңгерілуі тиіс құзыреттердің ерекшеліктеріне қарай оқытушы мен білім алушының элементтері, оқыту әдістері және ағымдық бақылау формалары таңдалады, пән силлабусында көрсетіледі.

1.2 Таңдалған бақылау формаларының пәнге қатысты маңыздылықтары ескеріле отырып семестрге тиесілі 100 балдық ұпай бақылау формаларына (теңдей бөлінуі шарт емес) бөлінеді, пән силлабусында көрсетіледі.

1.3 Әр бақылау формасының семестр бойы қайталану саны (күнделікті, әр аптада, семестрде 1, 2 немесе 3 рет т.б.) анықталады және формаға тиесілі ұпай біркелкі бөлінеді, пән силлабусында көрсетіледі.

2. Семестр барысында кафедра меңгерушісі, пән координаторы/оқытушысы тараптарынан келесі шаралар жүзеге асырылады:

2.1 Білім алушылардың бақылау формалары талаптарын семестр бойы жүйелі түрде орындауы ұйымдастырылады және орындау нәтижелері өз уақытында бағаланып отырады.

2.2 Жеке алынған бақылаудың бағасы 1.3 бапта көрсетілген ұпайдан артық бола алмайды және міндетті түрде орындалған жұмыс/меңгерілген құзырет деңгейіне байланысты максимал ұпайдың сәйкес бөлігін құрайды.

2.3 Пәндер бойынша бақылау нәтижелері әр апта сайын білім алушымен, семестріне екі рет кафедра мәжілісінде және факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, білім беру сапасын жақсарту шаралары қабылданады.

2.4 Семестр соңында білім алушының пән ішіндегі бақылау формаларының барлығы бойынша жиынтық ұпайы анықталып, университеттің “Аралық аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі” талаптарына сәйкес аралық аттестацияға жіберу/жібермеу жайлы шешім қабылданады.

2.5 Білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық практикада қабылданған цифрлық эквиваленті бар әріптік жүйеге және дәстүрлі жүйедегі бағаларға сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар "A"-дан "D"-ға дейін азаю арқылы және "қанағаттанарлықсыз" - "FX", "F") балдармен бағаланады.

2.6 "FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы оқу пәнінің/модулдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды қайта тапсыру мүмкіндігіне ие.

2.7 "F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда, білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлері орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады. ["Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығы.

2.8 Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің тәртібін ЖОО өзінің академиялық саясатына және осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шәкілі және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша белгіленеді.

2.9 Тілдер бойынша (шет тілі, қазақ, орыс) білім алушылардың оқудағы жетістіктері бағалаудың деңгейлік үлгіге және ECTS (иситиэс) дәстүрлі бағалар шәкілене сәйкес балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағаланады. Тілді меңгеру деңгейі жалпыеуропалық шет тілді меңгерудің құзыретіне (A1, A2, B1, B2, C1, C2) сәйкес болады.

2.10 Білім алушы ЖОО-дан келесі жағдайларда оқудан шығарылады:

- 1) академиялық үлгермеушілігі;
- 2) академиялық адалдық қағидаттарын бұзғаны үшін;
- 3) Ішкі тәртіп қағидалары мен ЖОО жарғысын бұзғаны үшін;
- 4) білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың талаптарын бұзғаны үшін, оның ішінде ақылы негіздегі оқу құнын төлемеген жағдайда;
- 5) өз еркімен.

2.11 Білім алушы аралық аттестаттау кезінде оқу пәні (модуль) бойынша емтиханды екі реттен артық емес қайта тапсыруға жол беріледі. Үшінші рет "қанағаттанарлықсыз" бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағасын алғанда, білім алушы қаншалықты "қанағаттанарлықсыз" бағасын алуына қарамастан ЖОО-дан оқудан шығарылады және осы пәнге қайтадан жазылу мүмкіндігінен айырылады. Бұл ретте, білім алушы өз қалауынша басқа ЖОО-ға және (немесе) басқа білім беру бағдарламаға ауысады. Білім алушы өз қалауынша жалпы білім беретін пәндер циклінен басқа, "қанағаттанарлықсыз" бағасын алған пәні мазмұнында болмайтын басқа білім беру бағдарламасына ауысады. ЖОО-дан оқудан шығарылған білім алушыға ЖОО бірінші басшысы қол қойған және мөрмен бекітілген транскрипт беріледі. Транскрипте білім алушы игерген барлық оқу пәндері және (немесе) қорытынды бақылау (емтихан) бойынша барлық алынған бағалар, оның ішінде "қанағаттанарлықсыз" бағаға сәйкес келетін FX немесе F бағалары міндетті түрде жазылады. Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы.

## КЕЛІСУ, САРАПТАУ ПАРАҒЫ

Білім беру бағдарламасы мәжілістерде қаралып, бекітуге ұсынылды.

«Математика және Информатика» кафедрасының мәжілісінде талқыланды. Хаттама № 9 «16» 04 2021 ж.

Кафедра меңгерушісі  Ш.З.Ескендіров


«Жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар» факультетінің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, қаралды. Хаттама № 9 «24» 04 2021 ж.

Факультет деканы  Б.М.Шыңғысбаев

Университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде қаралды. Хаттама № 5 «28» 04 2021 ж.

Кенес төрайымы  С.Ш.Куланова

## Сарапшылар

№	Аты-жөні, тегі	Қызметі	Қолы
1	Сүлейменова Асқарбекқызы Лаура	ОҚМУ-нің «Информатика» кафедрасының меңгерушісі техника ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы	
2	Ахметова Тастанбекована Сабира	М.Ауезов атындағы ОҚУ – нің «Есептеу техникасы» кафедрасының бағдарламалық қамтамасыз ету» кафедрасының меңгерушісі, ф.м.ғ.к., аға оқытушы	